

Бекітемін: *Ақса*
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай – бақшасының
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

«Ақша қайдан келеді»

(Ересек, «Ер Төстік» тобы ұйымдастырылған ашық оқу қызметі)



Тәрбиеші: Сатыбалдиева Б.

Таушық, 2025 ж

Тақырыбы: «Ақша қайдан келеді?»

Мақсаты:

- Балаларды еңбектің маңызымен және еңбек арқылы табыс табу ұғымымен таныстыру;
 - Ақша табудың еңбек арқылы келетінін түсіндіру;
 - Құқықтық және қаржылық сауаттылық туралы түсінік беру;
- (Балалар дөңгелекке тұрады, көңілді әуен ойнайды.)

Тәрбиеші:

- Сәлем, балалар! Бүгін біз ерекше сабақ өткіземіз — «Ақша қайдан келеді?» тақырыбында болмақ.
- Ал сендер қалай ойлайсыңдар, ақша қайдан келеді деп ойлайсыңдар?

Балалар жауаптары:

- Ол жұмыс істеп ақша табады.

Тәрбиеші:

- Дұрыс айтасыңдар, ақша еңбекпен келеді. Көп еңбек етсек ақша неғұрлым көп келеді.

Балалар,

ақша – бұл ерекше қағаз бен темір белгілер.

Біз ақшаға дүкеннен тамақ, ойыншық, киім, керек заттар сатып аламыз.

Ақша өзінен өзі пайда болмайды — оны адамдар еңбек етіп, жұмыс істеп табады.

Мысалы,

аспаз – тамақ пісіріп,

дәрігер – емдеп,

мұғалім – балаларды оқытып,

сол еңбегі үшін ақша алады.

Ақша бізге көмектеседі:

біз не қажет болса, соны сатып аламыз.

Бірақ ақшаны бекерге жұмсауға болмайды —

оны үнемдеп, тек керек нәрсеге ғана пайдалану керек.

Сондықтан, балалар,

ақшаны қадірлей білейік,

еңбек етіп табуды үйренейік,

және оны дұрыс жұмсай білейік!

Тәрбиеші:

– Дұрыс! Ақша — еңбектің жемісі. Ал сендер бүгін сендер жұмыс жасап, табыс табасындар.

Балалар 2-3 топқа бөлінеді:

- Бір топ — «наншылар» (қағаздан бәліш жасайды),
- Бір топ — «гүл өсірушілер» (қағаз гүлдер жасайды),
- Бір топ — «ойыншық шеберлері».

Жұмыс жасап болған соң тәрбиеші әр балаға «еңбек ақы» ретінде ойын ақшаларын береді.

«Жәрмеңке басталады!»

Топта кішігірім дүкендер ашылады.

Бірі — сатушы,

Бірі — сатып алушы.

Балалар өз бұйымдарын бағалап, сатады немесе сатып алады.
(Мысалы: бәліш – 10 теңге, гүл – 5 теңге, ойыншық – 15 теңге.)

Тәрбиеші:

- Сатушы не істейді?
- Ақшаны қалай алады?
- Сатып алушы не істейді?
- Кім арзан, кім қымбат сатады?

Ойын барысында балалар ақша санайды, айырбас жасайды.

Тәрбиеші: - Енді балалар жәрмеңкемізді аяқтадық. Ендеше ақша жинайтын қорапшамызды армандарымызды жабыстырып, теңгелерімізді салайық.

Шығармашылық жұмыс «Қорапшаға арманды жабыстыру»

Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:

- Ақшаны қалай табамыз?
- Кәсіпкер кім?
- Ақшаны қалай жұмсау керек?
- Кім үнемшіл болды?

Балалар өз ойларын айтады.

Тәрбиеші қорытындылайды:

«Еңбек – табыс кілті,
Табыс – береке іргесі!»

